ВОПРОСЫ ФОРМИРОВАНИЯ И ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ НЕКОТОРЫХ ТЕРМИНОВ В ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫХ АКТАХ

Нурбаева Нуркиз Арысбековна

младший научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы проектов НПА и международных договоров Центра лингвистики Института законодательства РК, г. Астана, Республика Казахстан;
e-mail: nu.nurbaeva@adilet.gov.kz

Ключевые слова: формирования терминов; унификация терминов; научный анализ.

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы формирования терминов. Проанализировано современное состояние некоторых терминов.

Современный казахский язык содержит многочисленные специализированные термины различных областей знания. Многие из них применяются в законодательной сфере. Однако смысл употребляемых в законодательстве терминов не всегда понятен. Поэтому необходимо отдавать предпочтение простым и понятным терминам. Недопустимо использование чрезмерно сложных и непонятных терминов. Понимание терминов зависит от четкости их определения в законодательных актах.

Актуальность темы статьи заключается в исследовании проблем функционирования терминов в законодательных актах. Автор в данной статье затрагивает вопросы унификации терминов и конкретизации требований в образовании терминов на казахском языке, начиная с изучения истории терминов. Проводит анализ обстоятельств, приводимых к негативным результатам при неправильном применении терминов в законодательстве. Автор предлагает пересмотреть некоторых терминов, используемых в законодательных актах.

THE ISSUES OF FORMATION AND FUNCTIONING OF SOME TERMS AND THEIR USAGE IN LEGISLATIVE ACTS

Nurbayeva Nurkiz Arusbekovna

Junior Research of the sector of research linguistic expertise of legal acts and international agreements of Linguistic center of Legislation Institute of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan; e-mail: nu.nurbaeva@adilet.gov.kz

Keywords: forming the terms; similarity of terms; scientific analysis.

Abstract. The article deals with the formation of terms. The current state of some terms has been analyzed.

In the modern Kazakh language, there are many special terms in various fields of education. Many of them are used in the legislation. However, the meaning of the terms used in the legislation is not always clear. Therefore, it is necessary to give priority to simple and understandable terms. Do not use too complicated and incomprehensible terms. Understanding terms depends on the accuracy of their definition in legislative acts.

The main aim of the article is to study the problems of the use of terms in legislative acts. The author deals with the issues of clarifying the requirements for the creation of terms in the Kazakh language by studying the terminology and terminology terms. Analyzes the circumstances in which negative terms are misused in the legislation. The author recommends revising some of the terms used in legislative acts.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2018 жылғы 10 қаңтарда Қазақстан халқына «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауын жариялады. Ол Жолдауда әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келетінін айтып өтті. Сондай-ақ, Жолдауда әдеттегідей тіл мәселесіне де тоқталып, «терминдердің ғұмырын ұзарту үшін заман талабына лайықтауымыз қажет» [1], - деді.

Әлемдік өркениетке ілескен Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тіліндегі салалық терминдерді қалыптастыру және оларды заңнамалық актілерде қолдану, бірізділікті сақтау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Шерубай Құрманбайұлы «Ұлттық терминкор қалыптастырудың алаш кезеңі және қазіргі қазақ терминологиясы» мақаласында: «Қазіргі қолданысымыздағы қазақ терминологиясы, ғылым тілі бір күнде қалыптаса қалған жоқ. Ол өзінің қалыптасу тарихында бірнеше кезеңдерден өтті. Ел өмірінде болған елеулі өзгерістерге байланысты 90-жылдары қазақ терминологиясы дамуының жаңа кезеңі басталды» [2], - деп айтып өткендей, Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін 1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданып, сан ғасырлық тарихы бар қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесі берілді. Ал 1997 жылғы 11 шілдеде «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заң, 1998 жылғы 21 сәуірде «Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясы туралы» қаулы қабылданып, қазақ терминологиясы дамудың жаңа кезеңіне өтіп, ұлттық терминология мәселесіне аса мән беріле бастады.

Қазақстан Республикасының технологиялық және инфрақұрылымдық тұрғыдан

дамуы терминдерді қалыптастыруға тың серпін беріп, жаңа ұғымдар, жаңа терминдер пайда болды. Көбіне орыс тілінен енген терминологиялық атаулар қазақ тіліне мүмкіндігінше аударылып, аударуға келмейтін сөздердің мағынасы сақталып, грамматикалық формасы жағынан қазақ тілінің ерекшеліктеріне бейімделіп пайдаланылды, сондай-ақ тілімізде бар байырғы лексика негізге алынып та терминдер жасалды. Орыс тілі арқылы тілімізге енген дүние жүзіндегі тілдердің көпшілігіне ортақ кейбір терминдер орыс тіліндегі қалпы сақталып алынды.

Жалпы терминология үздіксіз дамып отыратын сала. Толассыз туындап жатқан терминологиялық ұғымдарға қазақ тіліндегі баламасы беріліп, қазақ лексикологиясы жаңа терминдермен толығып отырады. Бірі сөздік қорымызға тез сіңісіп кетсе, енді бірі қолданыс таппай, тілімізде тұрақтай алмай, пайдаланудан шығып қалып жатады. Мысалға: брокер – делдал (1993 ж.), саммит – бас қосу (1995 ж.), монополист – алпауыт (2000 ж.), диета – емдем (1995 ж.), акт – кесім (2000 ж.), штраф – айып (2000 ж.), коррупция – құнпарлық (2000 ж.), препарат (хим.) – зерттелгі (2006 ж.), кредитор – кредиттеуші (2000 ж.), резервуар – әуіт деп бекітіліп, кейінгі жылдары қайта қаралып, акт – акт, диета – диета, штраф – айыппұл, коррупция – сыбайлас жемқорлық, резервуар – резервуар болып бекітілген екен. Ал «досье» термині 2016 жылы «деректеме» деп бекітілген, алайда заңнамалық актілерде сәтті шыққан «дерекнама» баламасы қолданылады. Жоғарыда мысал келтірілген сөздердің ішіндегі резервуар терминіне балама болған, жергілікті жерде қолданылатын көне атау «әуіт» - су сақтайтын жерден қазылған шұңқыр [3, 94-б.], ал резервуар - сұйық заттар мен газдарды сақтайтын үлкен ыдыс [3, 689-б.] дегенді білдіреді. Сондықтан болар, бұл термин қайта қаралып, бекітілген.

Ғылым мен техниканың алуан түрі са-

ласында қолданылатын терминдер белгілі бір ғылыми негіздерге сүйеніп жасалып отырады. Ғылыми білімнің артуы термин жасауға негіз болатын ұғымды басқаша түсінуге алып келеді. Сөйтіп бұрынғы терминдер қайта қаралады, жаңартылып, жаңа мазмұнға ие болады.

Дегенмен де, қазақ тілінде қазіргі мазмұнын толық аша алмайтын терминдер де кездеседі. Соның бірі пошта саласында қолданылатын «посылка» термині. 2005 жылы терминология комиссиясы «сауқат» деп бекітіп, терминдер жинағына енгізген бұл терминге қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мынадай анықтама беріледі: «сауқат - бір жақтан заттай жіберілген сәлемдеме» [3, 716-б.]. Ал С.И. Ожеговтің түсіндірме сөздігінде «посылка - вещь, посланная в упаковке» деп анықтама беріледі [4, 401-б.].

«Пошта туралы» 2016 жылғы 9 сәуірдегі № 498-V Қазақстан Республикасының Заңында бұл ұғымға: «посылка – регистрируемое почтовое отправление с вещами, предметами и товарами, размеры, масса и упаковка которого предусмотрены в соответствии с правилами предоставления услуг почтовой связи» деп, тиісінше қазақша нұсқасында: «жіберілім – мөлшері, массасы және буып-түю тәсілі пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидаларына сәйкес көзделген, нәрселер, заттар мен тауарлар салынған тіркелетін пошта жөнелтілімі»¹ деп анықтама беріледі. Байқағанымыздай, «посылка» сөзі Заңда «жіберілім» деп қолданылған. Ал терминология комиссиясының 2005 жылғы отырысында «рассылка» термині «жіберілім» деп бекітілген. Яғни, екі термин де «жіберілім» деп алынған.

Осы тұста пошта саласында «жөнелтілім» (отправление) термині де барын айта кету керек. Орысша-қазақша сөздікке сүйенсек: Отправление. 1. (әрекет) жүру, кету, жіберу, жіберілу; ~е поезда поезда жүруі; 2. (почтовое) жөнелтілім жіберу. [7, 587-б.]. Мысал келтірейік, 1) При отправке посылок клиенты должны учитывать ряд ограничений по весу, габаритам и содержанию почтового отправления; 2) Посылкой можно отправить вещи по Казахстану и за границу. Сәйкесінше қазақ тілінде: 1) Жіберілімді жөнелту кезінде клиенттер пошта жөнелтілімінің салмағы, габариті және ішіне салынған зат бойынша бірқатар шектеулерді ескерулері керек; 2) Қазақстан бойынша және шетелге жіберіліммен заттар жөнелтуге болады. Мысалдан көргеніміздей,

қазақ тілінде белгілі бір грамматикалық мағына үстейтін, етістіктен зат есім тудыратын жұрнақтар арқылы заттанып, синтетикалық тәсілмен жасалған жіберілім (посылка) мен жөнелтілім (отправление) термині қазақ тілінде сөйлемде қатар келсе жаңылыстық тудырады. Өйткені, бұл сөздер айтылуы әртүрлі, бірақ мағынасы бірдей «жөнелту, жіберу» деген синоним сөздерден жасалған.

Ал Қазақстан Республикасының Ұлттық пошта операторы болып табылатын «Қазпошта» акционерлік қоғамында қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «біреу арқылы беріп жіберген сыбаға, сәлем-сауқат» деп анықтама берілген [3, 719-б.] «сәлемдеме» сөзі қолданылады. Еңбекті ұйымдастыру мен өнімділікті арттыру мақсатында жаңа бизнес-модельдер енгізіліп, жаңа форматта ашылған, өзіне-өзі қызмет көрсету қағидаты бойынша жұмыс істейтін Қазпошта супермаркеттерінің (супермаркет посылок) маңдайшаларына «сәлемдемелер супермаркеті» деп жазылған. Аталған орында сіз көп уақыт жұмсамай, пошта арқылы зат жібере аласыз немесе сізге жіберген затты ала аласыз. Ол туыстарыңыз беріп жіберген сыйлық болуы мүмкін не болмаса өзіңіз интернет желісі арқылы тапсырыс беріп, сатып алған зат болуы мүмкін. Мұнда көпшілігі интернет арқылы тапсырыс берген заттарын алып жатады. Сондықтан интернеттен сатып алынған, пошта қызметі арқылы жеткізілген зат «сәлемдеме» бола алмайды. Кезінде бұл ұғымға осы атау сәйкес келгенмен, ғылым мен техниканың дамуына байланысты ұғымы кеңейген бұл терминге осы атау дәл балама болып табылмайды.

Тіл мамандары мен терминтанушылардың көпшілігінің еңбектерінде атап көрсетіліп жүрген терминге қойылатын негізгі талаптар:

- 1) терминнің бірмағыналылығы;
- 2) термин мағынасының дәлдігі;
- 3) терминнің қысқалығы немесе ықшамдығы;
- 4) терминнің тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келуі;
- 5) терминнің туынды сөз жасауға қолайлы болуы;
- 6) терминде эмоционалдық пен экспрессиялықтың болмауы;
- 7) эстетикалық талаптарға сай келуі болып табылады [6, 36-38-б.].

Аталып өткендей, терминге қойылатын талаптардың бірі мағына дәлдігі болса, терминология комиссиясы бекітпеген, пошта

¹ «Пошта туралы» 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының № 498-V Заңының 1-бабы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000498//> 07.02.2018 жс. жасағдай бойынша.

саласында жатық сөз ретінде қолданылып жүрген «сәлемдеме» сөзі терминнің дефинициясын нақты және толық бере алмады. Пошта қызметін пайдаланушылардың көпшілігі қарапайым халық не болмаса қазақ тілді азаматтар деген күннің өзінде бір оқыған адамға бұл тіркес түсініксіз, жаңылтпаш сияқты болып көрінеді. Бұны сол салада жұмыс істейтін, сол терминді қолданып жүрген мамандар ғана бірден айыра алуы мүмкін. Өкінішке орай, кейбір терминдер кейде осылай біржақты қаралады.

Осы орайда айта кететін бір жайт: пошта терминдерінің және пошта қызметтері саласында қолданылатын сөз тіркестерінің қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздігінде: сәлемдеме, сауқат, сәлем-сауқат [5, 861-б.] деп берілген «посылка» сөзінің «сәлем-сауқат» деген нұскасы «передача» терминіне жақсы балама болады. Мәселен: принести больному передачу — ауруға сәлем-сауқат әкелу.

Саланың міндеттерін шешу үшін қажет болатын қасиеттеріне байланысты осындай терминдердің мазмұны әрбір салада әртүрлі айқындалады. Тілдегі сөздердің көпшілігіне көпмағыналылық (полисемия) тән болса, ал терминологияда бір сөзге немесе сөз тіркесіне бір ғана түсінік сәйкес келуі, арнайы дефинициясы болуы, негізінен, жалпы есім болып, атауыштық қызмет етуі керек. Терминді не ұғымды сөзбен белгілеу кезінде өзге ұғымдардан ажырататын ұғымы нақтылануға, терминнің дефинициясы дәл болуға тиіс. Терминнің дефинициясы дәл берілмесе, онда ұғымның мазмұны да толық ашылмай қалады. Сондай-ақ, термин мағынасының нақты берілмеуі мәтіннің коммуникативтік функциясының бұрмалануына алып келеді.

Осылайша, қазақ тілінде баламасын таба алмай заңнамалық актілерде әртүрлі қолданылып жүрген терминдер бар. Мысалы: Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 25 шілдедегі №57 бұйрығымен бекітілген Пошта операторларының атаулы құрылғыларды қолдану қағидаларында² және Қазақстан Республикасы Ақпарат

және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 29 қыркүйектегі №179 бұйрығымен бекітілген Пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін және филателиялық өнімді шығару, өткізу қағидаларында³ бірізділік сақталмай және терминнің саладағы негізгі мағынасын жете түсінбеушіліктен, «гашение» термині өшіру, өтеу, бастыру, арнайы белгі соғу деп бірнеше нұсқада берілген. Сонымен бірге «старатель» және «старательство» терминдерін де айта кетуге болады. Өз бетімен алтын іздейтін адам дегенді білдіретін «старатель» және алтын іздеушілер кәсібі болып табылатын «старательство» термині 2017 жылы бекітілген Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодексінде және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексінде (Салық кодексі)⁴ «кен іздеуші», сәйкесінше «кен іздеушілік» деп жалпы алыныпты. Кодекстерде бұл ұғымдарға анықтама берілмегендіктен, бұл термин нақты алтынға не бағалы тастарға қатысты ма әлде жалпы кен атаулыға қатысты ма, ол жағы түсініксіз болып тұр. Сондай-ақ, «поставка» және «доставка» терминінің де аражігі ажыратылмай, «жеткізілім» деп қолданылып жүр.

Бұдан басқа, тілімізде әртүрлі қолданылып жүрген терминдер көптеп кездеседі. Мысалы: теміржол саласындағы «беспересадочные вагоны» деген термин нормативтік құқықтық актілерде тікелей қатынайтын вагондар, ауысып отырмайтын вагондар, ауысып мінбейтін вагондар, жолда тоқтамайтын вагондар деп түрлі алынып жүр. Ал орысша-қазақша сөздікте: «беспересадочн//ый,-ая, -ое ж.-д. жолда кідірмейтін; ~ое сообщение жолда тоқтамайтын қатынас» [7, 50-б.] деп беріледі. Сонымен қатар 2016 жылы терминология комиссиясы «оқыс оқиға» деп бекітіп берген «инцидент» термині 2017 жылы бекітілген заңнамалық актілерде «оқыс оқиға», «тосын оқиға», «инцидент» деген үш нұсқада кездеседі.

Осы тәрізді терминдерді біріздендіру талаптарын сақтау заңнама мәтінін жетілдіру шарттарының бірі болып табылады. Бірақ

² Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 25 шілдедегі № 57 бұйрығымен бекітілген Пошта операторларының атаулы құрылғыларды қолдану қағидаларының 2-тармағы және 3-тармағы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014154/> 07.02.2018 ж. жағдай бойынша.

³ Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 29 қыркүйектегі № 179 бұйрығымен бекітілген Пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін және филателиялық өнімді шығару, өткізу қағидаларының 3-тармағы және 15-тармағы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014377/> 07.02.2018 ж. жағдай бойынша.

⁴ «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 125-VI Қазақстан Республикасының Кодексі // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000125/> 07.02.2018 ж. жағдай бойынша.

⁵ «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) 724-727-бабы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000120/> 07.02.2018 ж. жағдай бойынша.

заң жобаларын әзірлеу кезінде терминдерді пайдалануда бірізділік сақталмай жатады. Осындай олқылықтарды болдырмау үшін терминдерді біріздендіру мәселесін шешу терминдердің коммуникативтік тиімділігін арттыруға септігін тигізетін болады әрі терминдер бірізділік жүйесіне түсетін болса, заңнамалық актілердегі ақпаратты қабылдау және беру әлдеқайда оңай болады. Сол үшін терминдерді түсінуде және оған түсінік беруде болатын мұндай айырмашылықтарды негізгі тілдік практика саласында, яғни терминнің қолданылу саласында жою керек. Кемшін тұстарды ескере отырып, сала мамандарының белсене атсалысуымен кейбір терминдерді әлі де жетілдіру қажет.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Қазақ терминологиясын жүйелеу жөніндегі жаңа талаптарды әзірлеу, терминдерді және атауларды негізгі қағидаларға, қазақ тілінің жазу нормаларына сәйкес ретке келтіру жұмыстары қажетті шаралар болып есептеледі. Аталған жұмыс әлемдік тәжірибені, туыстас тілдердің үлгілерін, халықаралық терминдерді және терминологиялық атауларды пайдалану арқылы, сондай-ақ жаңадан бекітілген терминдерді бұқаралық ақпарат құралдарында пайдалану жиілігіне тұрақты мониторинг жасау жағдайында жүргізілуге тиіс»⁶ деп көрсетілгендей, аталған терминдердің баламасын қарастыру кезінде сөздің шығу төркінін зерделей отырып, аударуға келетінін аударып не болмаса терминдерді тілімізге ыңғайлап пайдаланған

жөн.

Кейде қазақ тілінде баламасы табылмаған не болмаса анық берілмеген терминдер заңнамада сәтті аудармамен беріліп жатады. Демек, қазақ тілінде кейбір терминдерді қалыптастыруда заңнаманың да атқарар рөлі аз емес. Қазақстан Республикасы Заңнама институтының Лингвистика орталығы терминдерді жетілдіру бойынша жүйелі жұмыс атқарады. Терминдерді біріздендіру мақсатында заңнамада қолданылған терминдерге мониторинг жүргізіліп, сараланған терминдердің дұрыс баламасы құрастырушысы Заңнама институтының жетекші ғылыми қызметкері М.А. Айымбетов болып табылатын «Заңнама терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігінің» кезекті басылымына енгізіп отырады.

Қорыта келгенде, термин жасау, терминологиялық қорды толықтыру және терминологиялық лексиканы біріздендіру жөніндегі міндет өзекті болып қала береді. Термин жасау көп ізденісті, шеберлікті қажет ететін, өте күрделі жұмыс болып табылатындықтан, «сала терминдерін сол саланың ұғымдар жүйесі мен ұлттың тілін жетік білетін, сондай-ақ оны шебер пайдалана да алатын кәсіби мамандар жасайтын болса, оларды кәнігі ғалымдар тіл сүзгісінен өткізіп барып, бекітіп отырса, құба-құп болар еді» [8] деп ойлаймыз. Сонымен қатар кейбір терминдерді бір саралап, сүзгіден өткізіп отыру, терминдердің бірізді қолданылуына қол жеткізу мақсатында артық синонимдерді, терминдердің мағынасындағы және жазылуындағы, әркелкі оқылуындағы қайшылықтарды жою қажет деп пайымдаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1800002018//07.02.2018> жс. жағдай бойынша.
2. Құрманбайұлы Ш. Ұлттық терминқор қалыптастырудың алаш кезеңі және қазіргі қазақ терминологиясы // <http://termincom.kz/articles/?id=4> // 08.02.2018 жс. жағдай бойынша.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/ Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
4. Ожегов С.И. Словарь русского языка / Под общ. ред. проф. Л.И. Скворцова. – 24-е изд., испр. – М.: Оникс: Мир и Образование, 2008. – 640 с.
5. Рақымжанұлы Т.С. Пошта терминдерінің және пошта қызметтері саласында қолданылатын сөз тіркестерінің қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздігі. – Алматы: Ой-Сана, 2013. – 1152 б.

⁶ «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000110//07.02.2018> жс. жағдай бойынша.

6. Құрманбайұлы Ш. Терминтану: оқу құралы. – Астана, 2009. – 160 б.
7. Орысша-қазақша сөздік / Н.Т. Сауранбаев, F.F. Мұсабаев, Ш.Ш. Сарыбаевтың жалпы ред., өңделіп, толықт. үшінші рет басылуы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 1152 б.
8. Кендірбекұлы А. Тіл бұраған терминдер // Ана тілі. 2012 .5 шілде // <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=986> // 07.02.2018 ж. жағдай бойынша.

REFERENCES

- 1.Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1800002018/> // 07.02.2018 ж. жағдай бойынша.
- 2.Құрманбайұлы Ш. Ұлттық терминдер қалыптастырудың алаш кезеңі және қазіргі қазақ терминологиясы // <http://termincom.kz/articles/?id=4> // 08.02.2018 ж. жағдай бойынша.
- 3.Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/ Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
- 4.Ozhegov S.I. Slovar' russkogo jazyka / Pod obshh. red. prof. L.I. Skvorcova. – 24-e izd., ispr. – М.: Oniks: Mir i Obrazovanie, 2008. – 640 s.
- 5.Рахымжанұлы Т.С. Пошта терминдерінің және пошта қызметтері саласында қолданылатын сөз тіркестерінің қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздігі. – Алматы: Ож-Сана, 2013. – 1152 б.
- 6.Құрманбайұлы Ш. Терминтану: оқу құралы. – Астана, 2009. – 160 б.
- 7.Орысша-қазақша сөздік / Н.Т. Сауранбаев, F.F. Мұсабаев, Ш.Ш. Сарыбаевтың жалпы ред., өңделіп, толықт. үшінші рет басылуы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 1152 б.
- 8.Кендірбекұлы А. Тіл бұраған терминдер // Ана тілі. 2012 .5 шілде // <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=986> // 07.02.2018 ж. жағдай бойынша.

ӘОЖ 81' 25:005.336.3

ЗАҢНАМАДАҒЫ ТЕРМИНДЕР МӘСЕЛЕСІ

Жанар Сәндібекқызы Нұрғалиева

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама секторының аға ғылыми қызметкері, Астана қ., Қазақстан Республикасы;
e-mail: zhanar.nurgali@mail.ru

Түйін сөздер: тіл; термин; заңнама; құқық; терминдерді біріздендіру.

Аннотация. Мақала ұлттық заңнама сапасына, заңнама саласындағы тіл және термин жасау мәселелеріне, термин қорының қалыптасуына арналған. Мақала мазмұнына қарай екі тақырыпқа бөлініп алынған. Бірінші тақырып бойынша, шет тілінен қазақ тіліне аударылатын терминдердің жай-күйі, бірнеше жылдан бері білімізге еніп, сіңісіп кеткен шет тілі терминдерінің бәрін бірдей аудару міндет емес екені туралы айтыла келіп, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына биылғы Жолдауында айтқан сөзі қитата ретінде келтіріледі. Әрі қарай мәселенің негізгі өзегін, сөздің бәрі термин бола бермейтіндігін баяндап, оны шешу жолдары қарастырылады, қазақ ұлтының терминдер тарихын кезең-кезеңге бөліп зерттеу керектігі жайлы ұсынысын айтады.

Мақаланың екінші бөлігінде терминдер мен сөздерді бірізділікке келтіру, заңнамадағы терминдердің қолданылуы, қазақ және орыс тілдеріндегі заң мәтіндерінің дұрыс аударылу мәселесі сөз болады. Қазақстан Республикасының заңдарынан, Кодекстен мысалдар келтіріліп, қате аударылған терминдер мен сөйлемдердің дұрыс аударылу нұсқасын алға тартады. Қазақ және орыс тілдеріндегі заң мәтіндерінде заң техникасы ерекшеліктерінің сақтала бермейтіндігін тілге тиек етеді. Автор сонымен бірге, заңнамаға іргелі зерттеу жүргізіп, мысал келтірумен ғана шектелмей, 2015-2016 жылдарға дейін жарыққа шыққан орфографиялық, терминологиялық сөздіктерді тағы бір рет қайта шолу жасап, сұрыптау қажет дейді. Сондай-ақ әрбір сөз бірлігінің мәтіндегі қолданылу ерекшелігіне, оның құқықтық нормамен мағыналық үйлестігіне егжей-тегжейлі зер салу үшін шығармашылық көзқарастың керектігін, ұлттық заңнаманы қалыптастыруда терминдер мәселесін шешу күн тәртібіндегі межелі іс екендігін айтады.